

Ермұқанов Е.Н.<sup>1</sup> Сүтеева Х.А.<sup>2</sup>, Ақылбекова Н.Ә.<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Тарих және құқық институтының Әлем тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.

<sup>2</sup> Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Тарих және құқық институтының, Әлем тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д.

<sup>3</sup> Магистр оқытушы

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ КОНТЕКСТІНДЕГІ ПРАГМАТИСТІК ӨМІР САЛТЫ

### Аннотация

Мақалада заман талабына сай біртұтас ұлт болу үшін қандай прагматистік өмір салтын ұстануымыз керектігі талданады. Ол үшін әрбір адам, ұжым, тіпті мемлекеттің барынша үнемшіл, қанағатшыл, жинақы болуы керектігі, құр мақтанға, ысырапшылдық пен даңғойлыққа жол бермей бабаларымыздың игі дәстүрлеріне, жарқын үлгілеріне үңілу керектігіне назар аударылады. Халқымыздың ұрпағын ең алдымен еңбекпен тәрбиелеуге баса мән беруі де тегіннен-тегін емес. Өскелең ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыру үшін салауатты да ізгілікті өмір салтын орнықтыруға күш сала отырып, соған сай дағдыларға тәрбиелеудің аса маңыздылығы да барынша сараланады.

**Кілт сөздер:** рухани жаңғыру, прагматистік өмір салты, экологиялық мәдениет, бабалар дәстүрі.

Yermukanov Y.<sup>1</sup>, Suteeva Kh.<sup>2</sup>, Akylbekova N.<sup>3</sup>

<sup>1</sup> candidate of historical sciences, associate professor of the Department of World History, Kazakh National Pedagogical University Abay

<sup>2</sup> Doctor of Historical Sciences, Professor, Department of World History, Kazakh National Pedagogical University Abay

<sup>3</sup> Master teacher

## A PRAGMATIC LIFESTYLE IN THE CONTEXT OF SPIRITUAL REVIVAL

### Abstract

The article analyzes what kind of pragmatic way of life we should follow in order to become a modern nation. To do this, everyone, the team, and even the state must be as thrifty, content, compact as possible, to pay attention to the good traditions and bright examples of our ancestors, not to allow vain pride, waste and lavishness. It is not for nothing that our people pay special attention to the education of the next generation. The importance of educating the younger generation to the appropriate skills, while striving to establish a healthy and virtuous lifestyle for the formation of spiritual values in the younger generation, is also highlighted.

**Keywords:** spiritual revival, pragmatic lifestyle, ecological culture, ancestral traditions.

Ермуканов Е.Н.<sup>1</sup> Сүтеева Х.А.<sup>2</sup>, Ақылбекова Н.А.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>к.и.н., доцент кафедры Всемирной истории Института истории и права КазНПУ имени Абая

<sup>2</sup>д.и.н., профессор кафедры Всемирной истории Института истории и права КазНПУ имени Абая

<sup>3</sup>магистр преподаватель

## ПРАГМАТИЧЕСКИЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ В КОНТЕКСТЕ ДУХОВНОГО ВОЗРОЖДЕНИЯ

### Аннотация

В статье анализируется, какой прагматичный образ жизни мы должны вести, чтобы быть единой нацией, отвечающей современным требованиям. Для этого необходимо, чтобы каждый человек, коллектив, даже государство были максимально экономными, довольными, компактными, не допускали ни строптивости, ни расточительности, ни правительств, заглядывали в добрые традиции, яркие образцы наших предков. Не случайно и акцент нашего народа, прежде всего, на трудовом воспитании своего поколения. Для формирования духовных ценностей у подрастающего поколения, прилагая усилия к установлению здорового и гуманного образа жизни, все более взвешивается и важность воспитания соответствующих навыков.

**Ключевые слова:** духовное возрождение, прагматичный образ жизни, экологическая культура, традиции предков.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері ірі-ірі рухани-мәдени жаңартуларды қолға алды. Қазіргі таңдағы ұлттық сананың жаңғыруының көтерілуі де уақыт талабынан туындаған қажеттілік. Қоғамның барлық салаларының дамуына тың серпін беретін елбасының 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының алар орны ерекше.

Елбасы «бүгінгі радикалды идеологиялар ғасыры келмесе кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс. Яғни, реализм мен прагматизм ғана таяу он жылдықтың ұраны болуға жарайды»[1] деген ой тастайды.

Сонымен, баса мән беріліп отырған «прагматизм» ұғымын қоғам қалай түсінуі керектігі жөніндегі пайымдаулары өте өзекті.

Прагматизм гректің «прагма» деген сөзінен шыққан, ол «іс», «әрекет» деген мағынаны білдіреді. Прагматизм терминін XIX ғасырдың 70 жылдары америкалық философ Чарльз Сандерс Пирс енгізген[2].

Прагматизмнің басты идеясы адамдарға өмірлік мақсаттарының шешімдерін табуға көмектесу болып табылады. Ұғымның басты қағидалары: адамның белгілі бір мақсатты болуы, тәжірибенің маңыздылығы, жетістікке жетудегі сенімділігі, салыстырмалы білімінің болуы, ақиқаттың тиімділік тұрғысынан мойындалуы маңызды.

Қоғамның рухани жаңғыруы аталған қағидаларды ұлт санасына сіңірумен тығыз байланысты.

Елбасының заман талабына сай біртұтас ұлт болу үшін «қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес» деуінде бойымызда ұшырасатын ысырапшылдық, даңғойлық, астамшылық сияқты келеңсіздіктерден арылу керектігіне меңзейді.

Бүгінгі нарық заманы әрбір адам, ұжым, тіпті мемлекеттің барынша үнемшіл, қанағатшыл, жинақы болуын талап етсе де олар қоғамда әлі де орын алып отыр. Нарық қанша қыспаққа алса да біз үнемшіл болуға дағдылана алар емеспіз.

Тәуелсіздік жылдары кәсіпкерлікке кең жол ашылып, жеке кәсібінің арқасында байлық жинағандар елімізде арта түсті. Адал еңбек, маңдай термен байыған азаматтар еңбектің қадірін білері сөзсіз. Ал заңсыз жолмен байығандардың байлықты бағалай қоюы неғайбыл, оның мысалы өмірде аз ұшыраспайды. Ұлы ойшыл Абай «өзіңе сен, өзіңді алып шығар, ақылдың мен еңбегің екі жақтап» деп бекер айтпаған. Және бекер мал шашудан да сақтандыра келе «иттікпен тапқан малды, адамшылықпен жұмсауға» шақырады. Яғни, құр мақтанға, бакталастық пен бәсекелестікке салынбай жиған-тергенінді орынды ұқсатуға үндейді. Алайда бүгінде кең етек алған мұндай жағымсыз қасиеттер қоғамда қалыпты үрдіске айналып бара жатқандай. Соңғы кездері жаппай белең алып бара жатқан тұтынушылық көзқарастың да жағымсыз әсері жоқ емес.

Бабаларымыздың өмір салтына үнілсек прагматизмнің талай жарқын үлгілеріне көз жеткіземіз. Қазақ халқы ұрпағын ең алдымен еңбекпен тәрбиелеуге баса мән берген. Бұл тұрасында «еңбегіне қарай өнбегі», «қолы қимылдағанның аузы қимылдайды», «маңдайы терлемегеннің, қазаны қайнамайды», «келген дәулет, кеткен бейнет», «кім еңбек етсе сол тоқ» деген халық даналықтары еңбекке құндылық ретінде қарауының көрінісі.

Бүгінгі нарықтық қатынастар кезінде де жастарды еңбек тәрбиесіне халық даналығы арқылы тәрбиелеудің маңызы зор. Біздің ерекшелігіміз де осында болса керек. Білімді де жаппай сауатты ұрпағымызға рухани негіз ретінде қанағатшылдық, сабырлық, үнемшілдік пен қайырымдылық секілді құндылықтарды қалыптастыруымыз керек. Нарық бәсекесінде бұл құндылықтарсыз жеңіске жетудің мүмкін еместігі баршаға аян. Бәсекелестік заманда сауда-саттықты барынша меңгергенімізбен үнемшілдікке келгенде әлі де шорқақпыз. «Теңгенің тиыннан құраларын» мирас еткен ата-баба тәлімінің кейде қаперден шығып жататын кездері де аз емес. Десекте қарапайым халық қашанда үнемшіл.

Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Алайда, Кеңестік дәуірдегі тоталитарлық экономика халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық дәстүрлерінің одан әрі күйреуіне, экологиялық жағдайымыздың орны толмас зардаптарына әкелгеніне тарихымыз куә. Соның бір көрінісі- 1954 жылы Қазақстанда басталған тың және тыңайған жерлерді игеру науқанында айқын байқалды.

Ұланғайыр аумақтың жерін тиімділігін жан-жақты сараламастан, есепсіз, беталды жырттып тастаудың салдары сан ғасырлар бойы қалыптасқан құнарлы қыртысты аз ғана жылдың ішінде адам танымастай халге жеткізіп, орны толмас экологиялық апаттарға әкелді. Мал жайылымы қысқарып, топырақтың құнарлы қабаты бұзылып, 18 миллион гектардан астам жер эрозияға ұшырады. Ал оның қалпына келуі үшін бірнеше ғасыр уақыт керек еді. Жайылымның азаюы салдарынан ұсақ мал өсіру қарқыны 3 есе азайды. Тың игерудің республика табиғатына кері әсері жануарлар дүниесінен де байқалды. Қазақ жерін мекендеген аң-құстардың көптеген түрлері азайып кетті. Көп жерлерде өзен-көлдер тартылды. Профессор Т.Омарбеков қазіргі қостанайлықтар бір кездегі облыс аумағында тың игергенге дейін 5 мың көл болғанын, бүгінгі күні олардың 500 ғана сақталып қалғанын, бұрынғы 56 шағын өзеннің 20-сы жойылып кеткенін есептеп отырғанын айтады[3,456-457 бб.]. Мұндай жағдай басқа тың игеруші облыстардың аумақтарынан да көптеп кездеседі. Табиғатқа немкеттілік көзқарас, оны күшпен «бағындыруды» көздеген біржақтылық міне осыған әкелді.

Аста-төк ысырапшылдықтың ауыр салдарын Арал теңізінің қасіретінен де көреміз.

Сырдария мен Әмудария өзендерінің суларын мақта егісіне көптеп бөлуден Арал теңізі тартылып, оның суы азайды. Жер және су қорын есепсіз пайдалану, мақта мен күріш дақылдарын өсіруге басымдық беру салдарынан теңіз түбі жалаңаш қалды. Теңіз суының тұздылығы 3 еседен астам өсіп, Арал өзінің балық өнеркәсібінен

тұтастай айрылды. Оның үстіне құрғап қалған теңіз түбінен тұз бен шаңның көтерілуі күшейе түсіп, Арал аймағының климаты күрт нашарлап кетті. Айналадағы табиғи орта тепе-теңдігінің бұзылуы халықтың тұрмыс жағдайы мен денсаулығына қатер төндірді. Адам өлімі, әсіресе балалардың шетінеуі көбейді. Аймақ тұрғындарының 80% әртүрлі сырқаттарға шалдықты. Бұл экологиялық апат іс-жүзінде ұлттың генетикалық өсіп-өнуі мүмкіндігін сақтап қалу туралы мәселе көтеруге мәжбүр етті, өйткені аймақты негізінен қазақтар мекендейтін[4,240-241 бб.].

Осындай ахуалдар ұлттың қауіпсіздігінің басты саласы экология мен денсаулығында маңызды орын алатын экологиялық санамыздың атадан балаға мирас болып келе жатқан қанымызға сіңген, ізгі қасиеттерін қайта түлетудің бүгінде аса өзектілігін арттыра түседі.

Бүгінгі күніміз үшін еліміздің асты-үстіндегі барлық шикізат қорларын сарқып, қоршаған ортаға немкеттілік тоғышарлыққа әкелді. Ертең баламалы жаңа энергия көздері табылып, пайдаланған кезде керексіз болып қалуы мүмкін, сондықтан «бар қорларды тез қарқынмен игеруіміз керек», - деп ұрандатудың салдарын сол өндіріс аймақтарында орналасқан халықтар тартып отырғаны да шындық. Уақытша пайдамыз үшін табиғатқа, халықтың денсаулығына келтіріп жатқан зиянымыздың алдын алу үшін қоғамдық сананы экологиялық мәдениетке тәрбиелеу аса маңызды. Өйткені, қазақ арасында кең таралған өлім-жітімдер, әсіресе жас нәрестелердің шетінеуі, рақ, өкпе, туберкулез ауруларының өрши түсуі ұлт денсаулығына қатер төндіретін факторлар. Экологиялық мәселелер тек түрлі қозғалыстар мен ұйымдардың ғана алаңдайтын, дабыл қағатын ісі емес, бүкіл қоғамның, үкіметтің қолға алатын шаруасы. Тұтас ұлтты экологиялық құндылықтарға тәрбиелеу ұрандық, науқандық сипат алмай белсенді іс-әрекетке айналуы керек. Халықтың әлеуметтік жағдайы, жұмыссыздық, қоғамның түрлі топтарға жіктелуі экологиялық ахуалды кейінгі кезекке ығыстырып тастады. Дегенмен де экологиялық жағдайдың алдын алу қоғамның рухани жаңғыруына тікелей байланысты. Табиғаттың берген сыйын ысырапшылдықпен, астамшылдықпен пайдаланбай оны кейінгі ұрпаққа да сақтап жеткізу үшін ұлт байлығын үнемдеуді, болашаққа жоспарлауды үйрене білуіміз керек.

Күнделікті өмірімізде даңғойлық пен кердеңдіктің де орын алып келгені ақиқат. Соның айқын бір көрінісі - орынсыз салтанаттар. Әрбір отбасы өз мүмкіндігіне қарамай қарызданып, бәсекелестікпен сән-салтанат өткізіп, шығынға батып жатқанымыз бойымыздағы жағымсыз қасиеттерден туындайтыны белгілі. Мұндай орынсыз салтанаттарға ұжым, қоғам, тіпті мемлекет деңгейінде де жол беріліп жатады. Сондықтан қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз салтанат емес. Керісінше ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдікпен оны орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді.

Қазір нарық заманында әрбір адамның нақты мақсатқа ұмтылысы, қажетті білімі мен мықты денсаулығы, кәсіби тұрғыдан жетілуді көздейтін, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдаланатын мінез-құлық прагматизмін қалыптастыру басты меже. Әлемдегі бірден-бір табысты болып табылатын мұндай заманауи үлгіге қол жеткізуіміз үшін не істеу қажеттігін ұлы ақынымыз Абай өзінің қара сөздерінде былайша сабақтайды.

«Жас бала анадан екі түрлі мінезбен туады: біреуі-ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар-тәннің құмары, біреуі-білсем екен демекшік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып,...көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген»-деп бала тәрбиесіне ас мән бере келе, баланы оқу-білімге жастайынан баулуға, жаман мен жақсы қасиеттерді ажырата білуге, талаптануға үндейді. Және «адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де-ақымақтық»[5,95-96,105 бб.]-деп адамгершілік қасиеттер мен ғылымды бәрінен жоғары қояды.

Қоғамдағы келеңсіздіктер мен жағымсыз құбылыстарды жоюда білім мен тәрбие маңызды орын алады. Әл-Фараби бабамыздың «адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек: тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» деген қанатты сөзі бүгінгі жастарға қаратып айтылғандай. Адамгершілік қасиеттердің бастаулары ұлттық тәрбие мен ұлттық дүниетанымызда жатқандығы, тек оны тез арада қолға алмайынша жас ұрпақтың бойына ізгілікті қалыптастырудың әсте мүмкін еместігі соңғы кездері батыл көтеріле бастады.

Рухани және моральдық құндылықтарымызды қалыптастыру үшін салауатты да ізгілікті өмір салтын орнықтыруға күш сала отырып, соған сай дағдыларға тәрбиелеу аса маңызды. Ғылым мен білімнің соңғы жетістіктерін басшылыққа алып, жастардың қабілетін жан-жақты аша отырып, оның бойында тұлғалық қасиетін дамытуды қолға алуымыз қажет. Ұлттың бойындағы асыл қасиеттеріміз бен рухани құндылықтарымызды сіңірген ұрпақ қана қандай заманаға да дес бермесі анық. Тек тамырынан терең нәр алған ұрпақ қана бүгінгі өзгерістерді, рухани жаңғыруды дұрыс қабылдай аламақ. Міне осындай адамның мақсаты да айқын, қандай ма жетістікке қол жеткізетін, өз тағдырын өзі жасайтын прагматик тұлғаға айналары хақ. Олар өз болашағын болжай алатын тұлға деңгейіне көтерілмек. Адам бойында қалыптасуға тиіс прагматикалық мінез –құлық та осы болса керек.

Болашақ ұрпақтың «бәрін үйренемін», жетістікке қалайда «қол жеткіземін» деп биікке құлаш сермей, үлкен мақсаттарға ұмтылуы бүгінгі уақыт талабы да.

Қазіргі нарықтық қатынастар заманында ұлттың ұстанар прагматизмі де осындай болса керек.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 12 сәуір 2017.*
- 2. Бурбаев Т. Қазақтың прагматизм // Егемен Қазақстан. 20 сәуір 2017.*

3. Омарбеков Т. Қазастан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. –Алматы: «Өнер», 2003.-552 бет.
4. Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы: Оқулық //Ред.Басқ. Қ.С.Қаражан.-Алматы: Қазақ университеті, 2005.-302 бет.
5. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер.-Алматы: Жазушы.-2005.-336 бет